

Заречное ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 маусымда № 3875 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Үштөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Заречное ауылындағы Мира көшесінің атауы – Қайрат Жұмабеков болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үштөбе ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Копбаева